

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы наурыз айындағы қоршаған орта жай-күйі




Атмосфералық ауа ластануының жай-күйі


Атмосфералық ауа ластануының жалпы бағалауы төмендегідей сипатталады:

- ластанудың өте жоғары деңгейіне Қарағанды, Жезқазған қалалары;
- ластанудың жоғары деңгейіне Астана, Ақтөбе, Балхаш, Теміртау, Шымкент, Ақсай, Шу, Өскемен, Атырау қалалары;
- ластанудың көтеріңкі деңгейіне Алматы, Қосатанай, Жетіқара, Жаңаөзен, Қаратау, Тараз, Кентау, Түркістан, Семей, Петропавл, Талдықорған қалалары және Глубокое кенті;
- ластанудың төменгі деңгейіне Көкшетау, Жанатас, Ақтау, Орал, Степногорск, Риддер, Зырянов, Құлсары, Арқалық, Рудный, Павлодар, Екібастұз, Ақсу, Саран, Қызылорда, Лисаковск қалалары, Қарабалық, Қордай, Ақай, Төретам, Бейнеу, Январцево, Березовка, Сарыбұлақ кенттері, «Боровое» КФМС және Щучинск-Бурабай курорттық аймағы жатады.

СИ



Қазақстан Республикасы елді мекендерінің стандартты индекс (СИ) мәні



Қазақстан Республикасы елді мекендерінің ең жоғары қайталанғыштық (ЕЖҚ) мәні

Жер үсті суларының жай-күйі

Жер үсті суларының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша су сапасын бақылау 223 гидрохимиялық тұстамада орналасқан 93 су нысанында жүргізілген, олар: 67 өзен, 12 көл, 11 су қоймасы, 2 су арнасы, 1 теңіз.

Су сапасының гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша негізгі критерийі – балық шаруашылық су айдындарына арналған ластаушы заттардың ШЖШ болып табылады.

Жер үсті суларының ластану деңгейі судың сапасының өзгеру динамикасын анықтау және салыстыруда қолданылатын судың ластануының кешенді индексі (СЛКИ) шамасымен бағаланған.

Зерттелген су нысандарының жалпы санынан су сапасының классификациясы келесідей:

- **«нормативті таза»** деңгейіне – 5 өзен, 1 су қоймасы, 1 теңіз жатады: Шілік, Талғар, Берікқара, Бөген, Қатта-Бугун өзендері, Бартоғай су қоймасы, Каспий теңізі.


- **«ластанудың орташа деңгейіне»** – 48 өзен, 4 көл, 8 су қоймалары, 1 су арнасы жатады: Қара Ертіс, Ертіс, Бұқтырма, Брекса, Оба, Емел, Жайық, Шаронова, Қиғаш, Шаған, Деркөл, Елек (БҚО), Шыңғырлау, Сарыөзен, Қараөзен, Тобыл, Әйет, Үй, Есіл, Сарыбұлақ, Нұра, Беттібұлақ, Іле, Текес, Қорғас, Баянкөл, Шарын, Қаскелен, Қарқара, Есік, Түрген, Темірлік, Лепсі, Ақсу (Алматы обл.), Қаратал, Кіші Алматы, Есентай, Үлкен Алматы, Талас, Асса, Шу, Ақсу (Жамбыл обл.), Қарабалта, Тоқташ, Сырдария, Келес, Бадам, Арыс, Ақсу (ОҚО) өзендері, Арал теңізі Қопа, Зеренді, Билікөл көлдері, Аманкелді, Қаратомар, Жоғарғы Тобыл, Сергеевское, Самарқан, Қапшағай, Күрті, Шардара су қоймалары, Көшім арнасы;

- **«ластанудың жоғары деңгейіне»** – 10 өзен, 8 көл, 1 су арнасы, 2 су қоймалары жатады: Брекса, Тихая, Үлбі, Глубочанка, Красноярка, Елек (Ақтөбе обл.), Тоғызак, Обаған, Ақбұлақ, Қара Кеңгір, Шерубайнұра, Сарықау өзендері, Шалқар, Бурабай, Үлкен Шабақты, Шучье, Кіші Шабақты, Карасье, Сұлукөл, Жүкей көлдері, Нұра-Есіл су арнасы, Вячеславское, Кеңгір су қоймасы.


- **«ластанудың өте жоғары деңгейі»** – 5 өзен: Үлбі, Желқуар, Қылшақты, Шағалалы, Соқыр өзендері.

ҚР кейбір су нысандарында оттегінің 5 тәуліктегі биохимиялық тұтынылуының жоғары мәні байқалған және төмендегідей жіктелген: Билікөл көлі – *«ластанудың өте жоғары деңгейі»*; Жайық (Атырау обл.), Шаронова, Қиғаш, Тоғызак, Желқуар, Қара Кеңгір, Қарабалта, Сарықау өзендері, Шалқар (БҚО), Сұлукөл көлдері, Нұра-Есіл арнасы – *«ластанудың орташа деңгейі»*.

Сұлукөл көлінде, Үй, Желқуар, Қылшақты өзендерінде оттегі режимі *«ластанудың орташа деңгейінде»*, Нұра-Есіл арнасында *«ластанудың жоғары деңгейі»* деп бағаланады.



Қазақстан Республикасы су объектілерінің кешенді ластану индексінің өзгеруі



Қазақстан Республикасы су қоймаларының, көлдерінің және су арналарының кешенді ластану индексінің өзгеруі

Радиациялық жай-күйі

Қазақстан Республикасының елді-мекендердегі атмосфераның жерге жақын қабатындағы гамма-фонның орташа мәні 0,03-0,31 мкЗв/сағ. аралығында болды. Қазақстан Республикасында радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,13 мкЗв/сағ., яғни шекті жол берілетін шамаға сәйкес келеді.

ҚР аумағында атмосфераның жерге жақын қабатында орта тәуліктік радиоактивтердің түсу тығыздығы 0,8-4,9 Бк/м² аралығында болды. ҚР аумағында радиоактивті түсулердің орташа тығыздығы 1,5 Бк/м², бұл шекті жол берілетін деңгейінен аспады.

Қосымша:

Толығырақ мәліметтер Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі және «Қазгидромет» РМК сайттарында енгізілетін ақпараттық бюлетенінде жарияланады.